

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық құқық және
мемлекеттің күш қолдануы. 1-бөлім





«Әділ соғыстан» БҰҰ-на дейінгі құқық және күш

Күш қолдануға қатысты ережелер халықаралық құқықтың орталық элементі. Бұл ережелер территориялық, тұтастылық, мемлекеттердің тәуелсіздігі және теңдігі принципі негізінде халықаралық тәртіпті қалыптастырады. Ішкі құқық жүйесінде күш қолдану саласында билік пен бақылау иерархиясы бойынша мемлекеттің монополиясы болса, халықаралық құқықта жағдай мүлде өзгеше. Күш қолдануға қатысты халықаралық құқық басқа мемлекеттердің оны қолдануын шектеуге және реттеуге тырысады. Бұл ретте мемлекеттердің келісімі, бәтуаластық, өзара кепілдік және адал ниет өте маңызды. Әлемдік қоғамдастықта күш қолдану саяси және өзге де заңды емес факторларға байланысты. Дегенмен заң күш қолдануды шектейтін және күш қолдануды жазалайтын мақсатты ұстану керек.

Әділ соғыс доктринасы Рим империясының христианизациясының салдары ретінде пайда болды. Бұнда діни мақсатта күш қолдануға рұқсат етілген еді. Әділ соғыс түсінігі Грек және Рим философиясының элементтерін қамтыды. Ол қоғамда қалыптасқан тәртіпті сақтау үшін ең шекті санкция ретінде қолданылды. Сент-Августин әділ соғысты кінәлі тарап өз қатесін түзетуге бас тартқан кезде шеккен залал үшін кек алу деп сипаттады. Соғыс зұлымдықты жазалау және бейбіт статус-квоны қайта қалпына келтіру үшін басталатын. Бұдан басқа себебі жоқ еді. Ал, агрессия – әділетсіздік, сондықтан күш қолдану қатаң бақылауға алыну керек деді.

Еуропалық ұлттық мемлекеттердің дамуына қарай доктрина өзгере бастады. Ол мемлекеттердің егемендігіне біте қайнасты және осының салдарынан христиан дінін ұстанушы мемлекеттердің арасындағы соғысқа алып келді. Әр тарап өзінің ісі дұрыс екеніне сенді. Бұл әділ соғыс түсінігін өзгертуге мәжбүр қылды. Нақтырақ айтсақ, күш қолданғанға дейін дауды бейбіт әдістермен шешуге тырысу талабы көтеріле бастады. Бұл халықаралық істердің жағдайына әсер етті. Өйткені бір-біріне күш қолдану халықаралық тәртіпке қауіп төндірген еді. Осылайша, құқықтық доктринадағы екпін халықаралық тәртіпті бейбіт жолмен сақтауға ойыса бастады.

Испанияның XVI ғасырдағы ұлы ғалымы Ф. де Витория «кінәнің бәрі бірдей соғысқа себеп бола алмайды» деп жазған. Ал Ф. Суарес «алдымен, қарсы тараптың әрекет ету себебіне назар аударып, кінәсі үшін өтемеақы талап ету қажет», – деді. Сондай-ақ әділ соғыс бейкүнә адамдарды тікелей шабуылдан қорғау мақсатында қолданылады және қарсы тарапты жазалау үшін күш қолдану сол тараптың кінәсіне сай болуға тиіс деген тұжырым жасалды. Уақыт өте екі тарапқа құқықтың әсері болуы мүмкін екені мойындала бастады. Ақыр соңында, соғысты бастаудың заңдылығы заңның ресми процестеріне тәуелді бола бастады. Бұндай тәсіл мемлекеттің егемендігіне басты назар аударатын позитивизмнің дамуына әкелді.

«XVII ғасырда діни қақтығыстар көбейген кезде әділ соғыста идеологиялық себеп болмауға тиіс» деп санаған Гроций әділ соғысқа мемлекеттің қорғанысы, мүлкін қорғауы, мемлекеттің азаматтарына көрсеткен жәбірі тұрғысынан баға беруге тырысты. Бірақ позитивизммен және 1648 жылғы Вестфалия келісімінен кейін күш жүйесіне қатысты еуропалық балансты тұрақты орнатумен әділ соғыс түсінігі халықаралық құқықтан түбегейлі жойылды. Мемлекеттер егеменді және тең, сол себепті ешбір мемлекет өзге мемлекеттің әрекетінің әділдігі туралы баға бере алмайды.

Бірінші Дүниежүзілік соғыс күш балансын соңына әкелді де әділетсіз соғыс мәселесін қайтадан көтерді. Сонымен қатар, бұл халықаралық қатынастарды халықаралық институт негізінде қайта құру керек деген нәтижеге әкелді. Бұндай институт әлемдік қоғамдастықтың әрекетін болжап, агрессия қайта орын алмайтынын қамтамасыз ету керек. Ұлттар Лигасының құрылуы халықаралық тәртіпте күш қолдану мәселесіне қатысты толықтай жаңа ұстаным қалыптастырды. Дегенмен соғысты бастауға тыйым күш қолдану әрқашан заңсыз болады деген сөз емес. Көптеген елдер халықаралық шарттарға өзін-өзі қорғауға қатысты күш қолдану құқығы туралы ескертпелер жасады. Бұдан өзін-өзі қорғауға қатысты күш қолдану құқығы әлі де халықаралық құқықтың танылатын принципі екенін көре аламыз.



БҰҰ-ның Жарғысы

БҰҰ-ның Жарғысының 2(4)-бабына сәйкес, барлық мемлекеттер халықаралық қатынастарда басқа мемлекеттің территориялық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қатысты күш қолданудан немесе БҰҰ мақсаттарына кереғар қандай да бір жолмен басқа мемлекетке қауіп төндіруден аулақ болуы тиіс. Бұл норма қазіргі таңда дәстүрлі халықаралық құқық принципі болып саналады. Сондықтан да, әлемдік қоғамдастықтағы барлық мемлекеттер үшін орындауға міндетті. Бұл жерде соғыс емес «күш» терминінің қолданылуының өзіндік себептері бар. Өйткені ол мемлекеттердің арасын шиеленістіріп, ашық соғыс жағдайына апармай-ақ, күш қолданылған жағдайларды да қамтиды.

Жарғының 2(4)-бабы 1970 жылғы Халықаралық құқықтың қағидаттары туралы декларацияда халықаралық құқықтың қағидаты ретінде аталған. Ол белгілі бір уақыт өткен сайын қайта сараланып тұрады. Нәтижесінде мынадай қорытынды шығаруға болады: Біріншіден, басқыншылық соғыс дегеніміз – бейбітшілікке қарсы қылмыс болып танылады, халықаралық құқықта ол үшін жауапкершілік бекітілген. Екіншіден, мемлекеттер халықаралық шегараны бұзу (соның ішінде демаркация мен бітімгершілік сызығын бұзу) мен халықаралық дауларды шешу үшін қарулы күш қолдануына және қатерін төндіруге болмайды. Үшіншіден, мемлекеттер қарулы күшті пайдаланып, кек алудан (яғни репрессалия актісінен) бас тартуға тиіс. Төртіншіден, халықты өзін-өзі билеу құқығынан және тәуелсіздігінен ажырату үшін мемлекеттердің қарулы күш қолдануына болмайды. Бесіншіден, мемлекеттердің басқа мемлекетте азамат соғысын бастауға, террорлық акті жасауға қолдау көрсетуіне, ұйымдастыруына, көмектесуіне, қатысуына, сондай-ақ басқа мемлекеттің территориясында заңсыз қарулы топ құруды қолдауына болмайды. Бұл аталған тармақтар маңызды болғанымен, бәрі де екіұшты мәселелер. Декларация құқықтық тұрғыдан міндетті күші бар құжат емес. Дегенмен БҰҰ Жарғысының нормаларына түсініктеме беру үшін өте маңызды. 2(4)-бап БҰҰ қолданатын ұжымдық шаралар мен халықтың өзін-өзі қорғау кезінде қарулы күш қолдануға құқық береді. Дегенмен ережеден тыс мұндай ерік шиеленісті ортаға гуманитарлық тұрғыдан араласуға бола ма, ол жағы әлі даулы.

Жарғының 2(6)-бабында БҰҰ «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ-ға мүше емес мемлекеттердің де аталған қағидаттарға сай әрекет етуін қамтамасыз етеді» делінген. Негізі, БҰҰ қабылдаған қарарлардың көпшілігі «барлық мемлекеттерге» арналған. Мысалы, атап айтқанда, Югославия Федеративтік Республикасына (Сербия мен Черногорияға) санкция салу туралы Қауіпсіздік Кеңесінің 757-қарары (1992 жылғы) БҰҰ жарғысының VII тарауы негізінде қабылданған, сондықтан барлық мүше-мемлекеттерге міндетті. Алайда қарарда «БҰҰ-ға мүше-мемлекеттер» деп емес, «барлық мемлекеттер» деп жазылған.

«Күш»

Бұрын да бірнеше мәрте қаралған, қазір де басы ашық мәселенің бірі – БҰҰ-ның Жарғысының 2(4)-бабындағы «күш» термині әскери күштен басқа экономикалық күшті де қамти ма деген сұрақ. Мысалы, белгілі бір мемлекетке немесе мемлекеттер тобына қатысты бойкот немесе эмбарго жариялау БҰҰ-ның Жарғысының 2(4)-бабына сай заңсыз болып табыла ма? Бұл норма өзгерген жоқ, бірақ осы «күш» мәселесін талқылаушылар көбінесе Жарғының преамбуласына назар аударады. Онда тек ортақ мақсатта ғана болмаса қарулы күш қолдануға болмайтындығы айтылған. Ал 51-бапта өзін-өзі қорғау құқығына қатысты қарулы күшке рұқсат етілген. Бірақ бұл қысым көрсетудің өзге формаларына байланысты шешуші емес.

1970 жылғы Халықаралық құқықтың қағидаттары туралы декларация бойынша «мемлекеттер басқа мемлекеттің саяси тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығына қарсы әскери, саяси, экономикалық, тағы басқа мәжбүрлеу түрлерін қолданудан бас тартуға тиіс». Ал 1966 жылғы Адам құқықтары туралы пактіде әрбір халықтың экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға құқылы болуы көзделген. Дәл осы ұстаным 1974 жылы Бас Ассамблея



қабылдаған Мемлекеттердің экономикалық құқықтары мен міндеттері хартиясында көрінді. Хартияда «ешбір мемлекеттің басқа мемлекетке өзінің егемен билігін жүргізу мақсатында сол мемлекетке қарсы экономикалық, саяси т.б. мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқығы жоқ» деп атап көрсетілген. 1973–1974 жылдары Араб мемлекеттері Израильді қолдаған мемлекеттерге мұнайдан қысым жасаған кезде экономикалық қысымның заңдылығы туралы мәселе талқыланды. Экономикалық қысым БҰҰ Жарғысына қайшы келетін әрекет екені бір қарағанда-ақ көрініп тұрған сияқты. Бірақ 2(4)-бап бұзылды ма деген сұраққа әлі күнге дейін нақты жауап берілген жоқ.

2(4)-бапта күш қолданумен қатар, күш қолдану қатерін төндіру туралы да айтылған. Бұл мәселені Халықаралық сот ядролық қаруды қолдану мен қолдану қатерінің заңдылығы туралы Бас Ассамблеяға берген кеңес-пікірінде қарастырған болатын. Халықаралық сот былай деп мәлімдеді: «белгілі бір жағдайлар кезінде күш қолдануға сыңай таныту жалпы күш қолдануды заңсыз деп санайтын 2(4)-бабына сәйкес қауіп ретінде қаралуы мүмкін». Халықаралық сот келтірген мысалдардың арасында мемлекеттің басқа мемлекеттен өз территориясын қорғауы немесе «қандай да бір экономикалық немесе саяси қысым көрсету» үшін күш қолдану оқиғалары бар.

Соттың пікірінше, ядролық қаруды иемдену қатер төндіру болып саналмайды. Дегенмен ядролық қаруды таратуға жол бермеу саясаты өзара сенім білдіру негізінде құрылғанын ескеріп, оны қолдану немесе қолдану қатерін төндіру деп басқа мемлекеттің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне, БҰҰ-ның мақсатына қайшы мақсатта қолдануды айтады.

Ядролық қаруды өзін-өзі қорғау мақсатында қолдануға келсек, ядролық қару қолдану үшін соған тепе-тең деңгейде құқығы мен қағидаттары бұзылған болуы тиіс. Сонда ғана бұл әрекет 2(4)-бапқа сай болады. Күш қолдануға қатысты халықаралық ережелер мемлекеттің өз территориясы шеңберінде тәртіпті сақтауға қатысты күш қолдануға еш әсер етпейді. Сәйкесінше мемлекет БҰҰ-ның Жарғысының 2(4)-бабын бұзбай-ақ өз территориясындағы тәртіпсіздіктерді, көтерілістерді күштеп баса алады және көтеріліске қатысушыларды жазалай алады.

«Басқа мемлекеттің территориялық тұтастығы немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы»

Жаңа айтып өткендей БҰҰ-ның Жарғысының 2(4)-бабы бойынша күш қолдану басқа мемлекеттің территориялық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бағытталмауы керек. Осы тіркесті түсінуге қатысты бірқатар пікірталастар орын алды. Көпшілік күш қолдануға тыйым салу керек деген пікірді ұстанады. Бір мысал келтірейік. 1965 жылғы Мемлекеттердің Ішкі істеріне араласуға жол бермеу туралы Декларация қарулы күш қолдану немесе күш қолданудың басқа да формаларын қолдану, мемлекетке немесе оның саяси, экономикалық, мәдени мүдделеріне қауіп төндіру қатаң сыңға алынады.

Күштердің санаты

Тарихта өз құқығын өзі қорғаудың зорлық-зомбылыққа қарсы экономикалық шаралардан бастап өзін-өзі қорғауға дейінгі алуан түрі қолданылған. БҰҰ Жарғысы қабылданғаннан бері халықаралық құқықта мемлекетке мәжбүрлеудің үш түрлі құқығы берілген. Олар – реторсия, репрессия, өзін-өзі қорғау.

Реторсия

Реторсия дегеніміз бір мемлекеттің зиян келтірген әрекетіне жауап ретінде заңды түрде жауласу және зиянды әрекетке бару арқылы жауап беру шарасы. Оған мысал ретінде дипломатиялық қатынасты бұзу, сол елдің азаматтарына шектеу қою немесе елден шығару,



экономикалық тұрғыдан және көлікпен жүруге шектеу қою тәрізді шараларды атауға болады. Реторсия – наразылық білдірілген мемлекетке зиян келтіру мақсатында жасалатын құқықтық тұрғыдан заңды шара. АҚШ-тың Шетелдік көмек туралы заңына енгізілген Хикенлупер түзетуі реторсияның мысалы ретінде жиі аталып жүр. Себебі онда АҚШ-тың мүлкін ешбір өтемеақы төлеместен национализациялаған мемлекетке АҚШ тарапынан көмек беруді тоқтату көрсетілген.

Репрессалия

Репрессия – басқа мемлекеттің заңсыз әрекетіне қарсы қолданылатын заңсыз әрекет. Оның реторсиядан айырмашылығы – реторсия заңды әрекет. Күш қолданусыз жүргізілетін репрессия әдетте қарсы шара (контрмера) болады. Олар әртүрлі жолмен жүзеге асады. Қарсы шара заңды түрде жасалады, ал қарулы күш қолданылатын репрессия өзін-өзі қорғау тәсілі ретінде жүргізіледі. Сондықтан бейбіт кезеңде қолданылған, өзін-өзі қорғауға қатысы жоқ репрессия заңсыз болып саналады.

Репрессияны қолданудың айқын мысалы ретінде Португалия мен Германия арасындағы 1928 жылғы Naulilaa ісін атауға болады. Бұл іс Португалия территориясында Германияның үш азаматы қателесіп өлтірілгеніне жауап ретінде Португалияның отары Анголада әскери рейд жүргізіп, мүліктерді қиратқан Германияның әрекетіне қарсы шағым берілуіне байланысты қозғалған болатын. Трибунал Португалия үкіметінің өтемеақы талап еткен шағымын талқылаған кезде, репрессия жасау үшін оған сәйкес халықаралық құқық бұзу әрекеті жасалған болуға тиіс деп мәлімдеді. Ондай құқық бұзу шынымен жасалған болса да алдымен өтемеақы талап ету керек, содан кейін ғана репрессалия жасауға болады.

Өзін-өзі қорғау құқығы

Өзін-өзі қорғау құқығының дәстүрлі халықаралық құқықтағы дәстүрлі анықтамасы Caroline ісінде қарастырылды. Дау 1837 жылғы оқиға маңында туындады. Бұнда Британ азаматтары Американдық порттың кемелерін күштеп басып алып, жойып жіберген. Оқиға орын алғаннан кейін Британдық өкілетті органдарымен корреспонденцияда АҚШ мемлекеттік хатшысы өзін-өзі қорғау құқығының маңызды сипаттарын айтты. Өзін-өзі қорғау құқығын қолдану үшін өзін-өзі қорғауға қажеттілік болу керек, яғни тез арада басқа амал қалдырмайтын шарасыздықтан болған оқиға орын алған болуы керек. Бұндай шарттар өзін-өзі қорғау заңды болу үшін керек. Сонымен қатар, өзін-өзі қорғау үшін жасалған әрекеттер себепсіз немесе шамадан тыс болмау тиіс. Себебі, өзін-өзі қорғау үшін жасалған әрекет сол қажеттілік аясында ғана болу керек. Бұл принциптерді сол уақытта Британдық үкімет те дәстүрлі халықаралық құқықтың бөлігі ретінде қабылдады.

БҰҰ-ның 51-бабында Жарғы, егер ұйым мүшесіне қарулы шабуыл жасалса, Қауіпсіздік Кеңесі қажетті шаралар қабылдағанға шейін, жеке немесе коллективті өзін-өзі қорғау құқығына әсер етпейтіндігі айтылған. Егер кез келген мемлекет өзін-өзі қорғау әрекетін жасаған болса, ол туралы дереу Қауіпсіздік Кеңесіне хабарлау керек.

Өзін-өзі қорғау құқығының осы 51-бап шеңберіндегі нақты көлемі туралы бірқатар пікірталастар орын алды. Кейбіреулер бұл бапты БҰҰ-ның Жарғысының 2(4)-бабы аясында түсіндіру керек деген пікірді ұстанады. Ал кейбіреулер осы 51-бапта қолданылған сөздерге байланысты дәстүрлі халықаралық құқықты осы бап ауқымынан кең болып табылатын өзін-өзі қорғау құқығы бар деген пікірді ұстанады. Өзін-өзі қорғауға байланысты күш қолдану үшін мемлекет өзі қарулы шабуылдың құрбаны болғанын көрсету керек. Оған қоса, мемлекетке шабуыл әдейі жасалған болу керек, яғни мемлекетке оны дәлелдеу оңайға түспейді. Өзін-өзі қорғау құқығына қатысты тағы бір басы ашық мәселе ескерткі немесе алдын ала қорғану шаралары бар ма, рұқсат етілген бе? Егер өзін-өзі қорғау тек қарулы шабуылға жауап ретіндегі тұжырым десек, бұлай болуы екіталай. Алдын ала өзін-өзі қорғау түсінігі заманауи қару-жарақ



себебінен маңызға ие болып келе жатыр. Өйткені заманауи қару-жарақтар, зымырандар мысалы, асқан жылдамдықпен, көзделген мемлекетке шабуыл жасағанда, қарсы шара қабылдауға мүлдем мүмкіндік қалдырмай, орасан зақым келтіре алады. Осыған байланысты мемлекеттер алдын ала өзін-өзі қорғау құқығын қолданады.

Сұрақтар

1. Реторсия және репрессалия арасында қандай айырмашылық бар?
2. Халықаралық құқық қандай жағдайларда күш қолдануға тыйым салмайды?
3. Сіздің ойыңызша БҰҰ күш қолданбау және күшпен қауіп төндіруді пайдаланбау принципін қаншалықты тиімді жүзеге асырып келеді?

Әдебиет

1. I. Brownlie, *International Law and the Use of Force by States*, Oxford, 1963.
2. Y. Dinstein, *War, Aggression and Self-Defence*, 5th edn, Cambridge, 2011.
3. Кузнецов В.И., Тузмухамедов Р.А., Ушаков Н.А., *От Декрета о мире к Декларации мира.* – М. 1972.